

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.19-2025
		13.02.2025 ж
	Рәсім нормативтік құжат түрі	Бет 1-11

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
«ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ РӘСІМІ

Алматы
2025 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.19-2025	
		13.02.2025 ж	
	<u>Рәсім</u> нормативтік құжат түрі	Бет 2-11	


АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
 ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Өлеуметтік-тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі бөлімі
- 2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**
 ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «13» ақпан 2025 жылы №7 хаттама
- 3. ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНІЗУ МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ**
- 4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ** 3 жыл

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.19-2025
		13.02.2025 ж
	<u>Рәсім</u> нормативтік құжат түрі	Бет 3-11

Мазмұны

1. Қолдану саласы.....	4
2. Нормативтік сілтемелер.....	4
3. Жалпы ережелер.....	4
4. Тәуекелдерді сәйкестендіру.....	6
5. Тәуекелдері бағалау.....	7
6. Тәуекелдерді басқару.....	8
7. Келісу парағы.....	10
8. Танысу парағы.....	11

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.19-2025
		13.02.2025 ж
	<u>Рәсім</u> нормативтік құжат түрі	Бет 4-11

Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген
«Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
2025 жылы «13» ақпан, № 7 хаттама

ҚР МАМ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РММ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ РӘСІМІ

1. Қолдану саласы

1. Мәмілелер мен шарттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау жөніндегі осы ереже (*бұдан әрі – Ереже*) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ (*бұдан әрі – Академия*) мәмілелері мен шарттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы, 18 қарашадағы ҚР Заңының 10-бабына, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеуге арналған әдістемелік ұсыныстарға сәйкес әзірленді.
2. Осы Нұсқаулықтың негізгі мақсаты Академияның мәмілелерінде, келісімшарттарында, шарттарында және өзге де актілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауын болдырмау болып табылады.
3. Осы нұсқаулықтың күші академияның мәмілелерінің, келісімшарттарының және шарттарының барлық түріне қолданылады.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы нұсқаулықты әзірлеу кезінде мынадай нормативтік құжаттар пайдаланылды:

- 1) ISO 37001: 2016 Парақорлыққа қарсы басқару жүйелері. Талаптар және пайдалану жөніндегі Нұсқаулық, 4-5-тармақ.
- 2) Ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар Ашықтықты және айкындықты камтамасыз ету жөніндегі жемқорлыққа қарсы стандарты.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.19-2025
		13.02.2025 ж
	<u>Рәсім</u> нормативтік құжат түрі	Бет 5-11

3. Жалпы ережелер

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау оларды мәмілелер мен шарттарда (*бұдан әрі – сыбайлас жемқорлық тәуекелі*) болдырмауға бағытталған, Академияның мәмілелері мен шарттық қатынастары кезінде туындауы мүмкін Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін уақтылы сәйкестендіруді, анықтауды, бақылауды және азайту жөнінде шаралар қабылдауды қамтиды.
5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау қолданыстағы (егер сыбайлас жемқорлық факторының белгілері болса) мәмілелер мен шарттар бойынша, сондай-ақ алдағылар (әлеуетті контрагенттерге қатысты тиісті шаралар қабылдау үшін) бойынша жүргізіледі.
6. Нұсқаулық Академияның барлық құрылымдық бөлімшілерімен және қызметкерлерімен танысу және қолдану үшін міндетті болып табылады.
7. Осы нұсқаулықты келтірілген талаптар ең аз қажетті болып табылады және нақты жағдай үшін толық немесе шектеу ретінде қарастырылмауы тиіс.
8. Ереже Академияның мәмілелері мен шарттық қатынастары кезінде туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін уақтылы сәйкестендіруге, анықтауға, бақылауға және азайту жөнінде шаралар қабылдауға бағытталған мәмілелер мен шарттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін (*бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлық тәуекелі*) болдырмау маңыздылығын айқындайды.
9. Осы Ереже Академияның ішкі актісі болып саналады. Осы Ереженің негізгі мақсаты – мәмілелерде, келісімшарттарда, шарттарда және Академияның басқа да актілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындауын болдырмау.
10. Осы Ереженің күші атқаратын лауазымы мен орындайтын функцияларының деңгейіне қарамастан Академияның барлық жұмыскеріне және кез келген сипаттағы азаматтық-құқықтық актілер жасалған барлық адамға қолданылады.
11. Сыбайлас жемқорлық тәуекелді болашақта іске асырылған жағдайда осы Ережені, Академияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын бұзуы, сондай-ақ осындай тәуекелдердің туындауына ықпал етуі мүмкін ықтимал оқиғаны (немес мән-жайлардың жиынтығын) білдіреді.
12. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін анықтау саласындағы өзге де мәселелер Академияның тиісті ішкі нормативтік құқықтық актілерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттеледі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.19-2025
		13.02.2025 ж.
	Рәсім нормативтік құжат түрі	Бет 6-11

13. Осы Ереженің күші Академияның мәмілелерінің, келісімшарттарының және шарттарының барлық түріне қолданылады. Ереже Академияның барлық құрылымдық бөлімшесі мен жұмыскерлеріне танысу және қолдану үшін міндетті болып саналады. Функционалдық міндеттерді жүзеге асыру және алға қойылған міндеттерді іске асыру кезінде Академияның жұмыскерлері осы Ережеде көрсетілген нормаларды басшылыққа алуы тиіс.

14. Шарттар мен келісімшарттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелін басқару процесінің негізгі қағидаттары:

- 1) тұтастық – сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекел элементтерін Академияның барлық актілерінде тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бөлінісінде қарау;
- 2) ашықтық – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару жүйесін дербес немесе окшау жүйе ретінде қарауға, сондай-ақ осы қағидатты Академияның барлық шарттық актісінде қолдануға тыйым салу;
- 3) хабардарлық – Академияның контрагенттерімен жасалған шарттық актілерде объективті, дұрыс және өзекті ақпараттың болуын сүйемелдеу;
- 4) үздіксіздік – Академияның мәмілелері мен шарттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелін анықтауға арналған тұрақты негізде жүргізілетін мониторинг процесі.

4. Тәуекелдерді сәйкестендіру

15. Академия келісімшарттардағы, шарттардағы, мәмілелердегі ықтимал оқиғаларды, сондай-ақ Академияның қызметіне әсер етуі мүмкін басқа да актілердегі нормаларды тұрақты негізге сәйкестендіреді және олардың Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындау себептері мен жағдайларын білдіру-білдірмеуін анықтайды.

Оқиғаларды сәйкестендіру кезінде Сыбайлас жемқорлық тәуекелін тудыруы мүмкін әртүрлі ішкі және сыртқы факторлар, алғышаттар мен мүмкіндіктер қарастырылады.

16. Тәуекелдерді сәйкестендіру – Академияның оның Комплаенс саясатына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына теріс әсер етуі мүмкін оқиғалардың ықпалына ұшырауын анықтау. Мәмілелер мен шарттардағы Сыбайлас жемқорлық тәуекелін сәйкестендіру рәсімінің мақсағы – тәуекелдерді анықтау және оларды Академияның Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізіліміне еңгізу.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.19-2025
		13.02.2025 ж
	Рәсім нормативтік құжат түрі	Бет 7-11

17. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін сәйкестендіру және бар тәуекелдерге нақты объективті көзқарастың болуы Академияның Комплаенс саясатын орындауға ықпал ететін тәуекелдерді тиімді басқару негіздерінің бірі болып саналады.

18. Академияның әрбір жұмыскері тұрақты негізде Академияның мәмілелері мен шарттарындағы Сыбайлас жемқорлық тәуекелін сәйкестендіре және бағалай алады.

5. Тәуекелдері бағалау

19. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін сәйкестендіру және бағалау неғұрлым «осал» жерлерді айқындау үшін базалық саралауды жүзеге асыру жолымен қазіргі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен олардың мөлшері бойынша жалпы пайымды ұсынуға бағытталған.

20. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін бағалау процесі Академияның қызметіне теріс әсер етуі, Академия жұмыскері тарапынан да, контрагенттер мен серіктестер тарапынан да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың туындауына әкеп соғуы мүмкін неғұрлым маңызды (қауіпті) тәуекелдерді бөліп көрсету мақсатында жүргізіледі. Бұл тәуекелдер дереу қарауға шығарылуы және осы тәуекелдерді жою және бақылау туралы шешім қабылдануы керек.

21. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін бағалау әрбір тәуекелдің көздері мен себептерін, оларды іске асыру кезіндегі теріс салдары және белгілі бір оқиғаның болуы ықтималдығын қарауды қамтиды.

22. Бастапқыда Сыбайлас жемқорлық тәуекелін бағалау сапалы негізде жүргізіледі, содан кейін олардың ең маңыздысы үшін сандық бағалау жүргізілуі керек. Сандық бағалауға жатпайтын тәуекелдер, оларды модельдеу үшін сенімді статистикалық ақпарат жоқ немесе мұндай модельдерді құру шығындар тұрғысынан орынды емес болса, онда тек сапалы негізде бағаланады.

23. Мәмілелер актілерінде болуы орын алған Сыбайлас жемқорлық тәуекелді мынадай белгілер бойынша жіктеледі:

1) Жол берілетін тәуекел – оны жүзеге асыру нәтижесінде Академия, жұмыскерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау қаупі жоқ шешім тәуекелі, осы аймақ шегінде Академияның Комплаенс саясаты өзінің превентивті мақсаттылығын сақтайды, яғни сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алады, бірақ олар шекті деңгейден аспайды;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.19-2025
		13.02.2025 ж
	Рәсім нормативтік құжат түрі	Бет 8-11

2) Жоғары тәуекел – Академияға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау қаупі төнетін тәуекел, қауіпті тәуекел аймағы шекті деңгейден асып түсетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу қауіпімен сипатталады және төтенше жағдайда Академияның бір жұмыскерінің қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілігіне алып келуі мүмкін;

3) Қауіпті тәуекел – жүйелі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау үшін жағдайлар туындайтын тәуекел, мұндай тәуекелдер жүйелілік тұрақты сипатқа ие болғанда және Академияның екі және одан да көп жұмыскері тартылғанда өз шамасына жетуі мүмкін. Сондай-ақ бұл топқа мемлекеттік активтерді ұрлауды жүзеге асырудағы тікелей қауіппен байланысты кез келген тәуекелдер жатады.

24. Мәмілелер мен шарттардағы барлық сәйкестендірілген, анықталған және бағаланған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізілімінде көрсетіледі.

6. Тәуекелдерді басқару

25. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін жою мақсатында Академия әрекет ету әдістерін анықтайды және оларды неғұрлым қауіпті тәуекелден қауіптілігі аз тәуекелге дейін жояды.

26. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін басқару Академия жұмыскерлерінің тарапынан теріс әсерді және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау ықтималдығын азайтуға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеу және іске асыру процесін білдіреді.

27. Академияның мәмілелер мен шарттық қатынастарды қалыптастыруға, жасасуға, қол қоюға және орындауға қатысы бар құрылымдық бөлімшелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицермен бірлесіп, Сыбайлас жемқорлық тәуекелін сәйкестендіруге және анықтауға бағытталған мониторингті және басқа да іс-шараларды тұрақты негізде жүргізеді.

28. Академияның барлық келісімшарттарында, шарты мен басқа да мәміле актісінде академияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымы туралы хабарлау нормасы болуы тиіс, сонымен қатар барлық қызметкерлерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиісті мәдениетті талап етуі тиіс.

29. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін жою немесе болдырмау шарттық актілерде көрсетілген және ықтимал теріс салдарға әкеп соғатын операцияларды барынша азайтуға, бақылауға және операцияларды жүзеге

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.19-2025
		13.02.2025 ж
	Рәсім нормативтік құжат түрі	Бет 9-11

асыруды тоқтатуға немесе одан бас тартуға бағытталған іс-әрекеттерді қамтиды.

30. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін барынша азайту және бақылау;

1) Бақылау – Сыбайлас жемқорлық тәуекелін қысқартуға немесе осыған ұқсас тәуекел анықталған, сәйкестендірілген және басталған жағдайда толық жою;

2) Әртараптандыру – Сыбайлас жемқорлық тәуекелін толықтай бодырмау, мүмкін болмаған жағдайда, оның ықтимал әсерін төмендету мақсатында тәуекелді Академияның бірнеше қызметкері арасында бөлуге бағытталған іс-шаралар.

**Әлеуметтік-тәрбие жұмысы және жастар
саясаты жөніндегі бөлім басшысы**



Е.Скаков

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.19-2025
		13.02.2025 ж.
	<u>Рәсім</u> нормативтік құжат түрі	Бет 10-11

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірленді:

Әлеуметтік-тәрбие жұмысы және
жастар саясаты жөніндегі бөлім
басшысы



Скаков Е.Ж.

Келісілді:

Персоналды басқару бөлімінің
басшысы



Кайранова Г.Ж.

Стратегиялық даму, тәуекелдерді
талдау және бағалау бөлімінің
басшысы



Молдабаева А.Е.

Заң бөлімінің басшысы



Тлегенова О.К.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.19-2025
		13.02.2025 ж.
	Рәсім нормативтік құжат түрі	Бет 11-11

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№	Бөлімше	Т.А.Ж.	Күні	Қолы	
1.					
2.					
3.					
4.					
5.					
6.					
7.					
8.					
9.					
10.					
11.					
12.					
13.					